

ЗАН

№8 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алматы қалалық сотының судьясы:

**«ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕР
ҚАЗЫЛЫҚҚА ҚАБЫЛДАНБАУ
КЕРЕК»»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№8 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,

з.ғ.д., профессор

К. АЙТХОЖИН,

д.ю.н., профессор

Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,

з.ғ.д., профессор

Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

К. МАУЛЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

С. СӘБІКЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

Қ. ДОСАЛИЕВ,

з.ғ.д., профессор

В. ШУМИЛОВ,

Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

«ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕР ҚАЗЫЛЫҚҚА ҚАБЫЛДАНБАУ КЕРЕК»

Н. ҚАРАБАЕВ 3

Түркиядағы АБай есімі — бауырластықтың белгісі

А. МАУЛЕНБАЙ 9

Эволюция правозащитной системы Казахстана

в свете конституционной реформы

А. МАУТОВА 11

Сенімхат берудің өз тәртібі бар

А. ШОЙБЕКОВ 16

Дропперлер жазасы күшейтілді

А. УМАРОВ 18

Прокуратура және Конституциялық

Соттың заң мен әділдік жолындағы бірлігі

Ж. ИМАНҒАЗИЕВА 20

Определение задолженности по алиментам

У. ШУРЕНОВА 24

Алаяқтардан Абай болыңыздар

М. МОМБЕКОВА 27

Мәртебесі биік мемлекеттік мереке

А. ӘДІЛСҰЛТАНИ 29

Жеке сот орындаушылар қызметі заң аясында атқарылады

Д. ШАРИПОВ 31

Салық кодексіндегі жаңа жеңілдіктер: ескі көліктердің екінші тынысы

А. ӘБУБӘКІРҚЫЗЫ 33

Пределы активной роли суда

А. АБДУЛЛИНА 35

Зайырлылыққа жеткізген заңдылық: ҚазҰУ-дың заң факультетіне — 70 жыл

С. ТЫНЫБЕКОВ, О. ЛОЖНИКОВА 38

О безопасности на дорогах

Г. БАКТЫГУЛОВА 41

Сроки приобретательной давности

Ж. АХМЕТОВ 42

Институт доказательств

Б. САПАРГАЛИЕВ 44

Құқықтық сауат — құқықбұзушылықтың алдын алады

Б. КЕҢЕСБАЕВА 46

О Боге-Творце: праведность ипостасей Божества

А. ЧЕРНЯКОВ 48

НҰРЖАН ҚАРАБАЕВ,
Алматы қалалық сотының судьясы:

«ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕР ҚАЗЫЛЫҚҚА ҚАБЫЛДАНБАУ КЕРЕК»



– Нұржан Ерубайұлы, халық пен мемлекет өміріндегі Ата Заңның роліне тоқталып өтсеңіз?

– Алдымен әріптестерімді, Қазақстанның барлық азаматын Республикамыздың негізгі заңы – Конституцияның 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты мерекелердің бірі әрі бірегейі.

Конституция дүние жүзіндегі әрбір тәуелсіз мемлекеттің бағдаршамы. Қазақстан да өзінің демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екенін өз Конституциясын қабылдау арқылы бүкіл әлемге паш етіп, ең жоғары құндылықтар – адам, оның өмірі мен құқығы, бостандығы екенін нық бекітті. Әркімнің өмір сүру, сондай-ақ, жеке бас, ар-ождан бостандығына, қадір-қасиеті мен отбасының қорғалуына, сөз бен шығармашылық еркіндігіне, қызмет пен кәсіп түрін таңдап, еңбегі үшін ешбір кемсітусіз сыйақы алуына, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына, демалуына, еркін-жүріп тұруына, сот арқылы өзін қорғауына, т.б. күнделікті өмір салтына Конституция кепілдік береді. Негізгі заң әр азаматтың құқықтық кепілі ғана емес, сонымен бірге, жоғары биліктің, ел заңдарын реттеудің қайнар көзі. Соттың шешімінсіз ешкім жазаланбайды.

Президент, Парламент, сондай-ақ, Үкімет пен соттың өкілеттігі, яғни, билік құрылымдары Конституциямен айқындалып, елдегі сайлау жүйесі мен референдум өткізу тәртібі, тағы басқа заңдылықтар бекітілді. Бүкілхалықтық референдуммен қабылданған қолданыстағы Конституцияда мемлекеттік және жеке меншік теңдігі, кәсіпкерлер еркіндігі, т.б. толықтай қамтамасыз етілген.

– Қазақстан Конституциясының басты ерекшелігіне нені балар едіңіз?

– Біздің Конституциямыз қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, экономикалық даму, жалпы алғанда, мемлекеттің барлық маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу принципіне негізделген. Сондықтан, Конституцияның тек демократиялық сипатын айрықша атар едім. Мұны Конституцияда «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп белгіленуінен көруге болады. Осы заңдылық халық мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы әрі егемендіктің иесі деп толықтырылса тәуелсіздігімізді құқықтық тұрғыда қорғау одан әрі күшейе түсер еді.

Конституцияның 3-бабының 4-тармағында атап көрсетілгендей, Республикада мемлекеттік билік біртұтас, әрі Конституция мен заңдар негізінде заң

шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді, бұлар тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципімен жүзеге асырылады.

– Азаматтардың конституциялық міндеттері жайлы айтсаңыз?

– Конституция мен заңдар талабын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройын, қадір-қасиетін құрметтеу 34-баппен міндеттелген. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге ешкімге жол берілмейді.

Конституцияны, Президентті құрметтеу мен Отанды қорғау азаматтардың конституциялық міндеттерінің бастысы. Барлық уақытта азаматтардың мемлекет алдындағы жауапкершілігі бірінші орында тұруы тиіс. Себебі, Республикамыздың даму бағытын айқындап, халқымыздың тарихи мұрасына, мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген құқықтық жүйені қалыптастырудың алдыңғы шебінде Конституция тұр.





– Сот жүйесі әділетті Қазақстанның іргетасын нығайтуда негізгі құқықтық құндылықтардың кепілі саналады. Осынау сенім соттар тарапынан қаншалықты ақталып жатыр?

– Заң үстемдігі мен әділеттілік принципін қамтамасыз ету сот билігінің басты міндеті. Сондықтан, соттар конституциялық заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Жүйедегі әрбір реформа азаматтар құқықтарының әділ қорғалуы мен сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Соттың мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретіндегі мәртебесі Конституциямен бекітілді. Сот әр істі қараған кезде алдымен Ата Заңның ережелеріне ден қояды.

Конституциялық Соттың қайта құрылуы Конституцияның ролін мейлінше нығайтты.

Адамның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда судьялар заңмен берілген барлық мүмкіндікті қолданады. Конституцияның 77-бабымен көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатын сот билігі азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайды. Бұл мақсатта Конституция мен заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Мысалы, 78-бапқа сүйенсек, соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен

бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ.

Қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің Конституциямен кепілдік берілген адам құқықтары мен бостандығына нұқсан келтіретіні байқалса, сот іс жүргізуді тоқтатып, осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

– Көп жылдық тәжірибеңізде заңның адам құқығына нұқсан келтіретін жағдайы кездесті ме?

– 2008 жылы түрмеде отырған сотталушылар жаппай көтеріліп, өз-өздеріне қол жұмсады. Ол уақытта мен Қапшағай қалалық сотында судьямын. Бүкіл елдің назарын аударған осы істе Заречный елді мекенінің ЛА-8 түрмесінде жазасын өтеп жатқан 20 адамның ісі менің қарауыма түсті. Сотталушылар сот залында қайта-қайта тәртіп бұзды. Қылмыстық заңдарды бес саусақтарындай жаттап алған сотталушылар жан-жақтан сұрақ жаудырып, мені сөйлетпеуге тырысты. Жиырмасы да орташа, ауыр, аса ауыр қылмыспен сотталғандар. Ол уақытта судьялардың Конституциялық Кеңеске тікелей жүгіну мүмкіндігі болмаған. Қаралып жатқан сот өндірісіндегі істі тоқтатып, аудандық соттың төрағасына ұсыныс жасадым. Сот төрағасы ол ұсынысты Конституциялық Кеңеске енгізді.



– Конституциялық Кеңеске жүгінуге қандай жағдай себеп болды?

– Сотталушылардың өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауда мекеме әкімшілігінің заңсыз әрекеттеріне қарсылықтарын дене мүшелерін зақымдау арқылы білдіргені бір жылдан астам жүргізілген тергеу құжаттарынан анықталды. Конституцияның 78-бабына сәйкес, іс жүргізу тоқтатылды, себебі, Қылмыстық кодекстің 361-бабының бірінші және төртінші бөліктерін сотталушылардың дене мүшелерін зақымдағаны үшін қолдану Конститу-

цияға қайшы келді. Аталған 361-баптың бірінші бөлігі негізсіз қылмыстық қудалауға жол беретіні, сондай-ақ, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын заңмен шектеудің өлшемдеріне сәйкес келмейтіні, бұл өз кезегінде Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына қайшы екені және сонда баяндалған конституциялық мақсаттарды көздемейтіні анық көрінді.

Ұсыныстың нәтижесінде Қылмыстық кодекстің 361-баптың екінші, төртінші, 362-баптың бірінші тармақтары Конституциялық Кеңестің шешімімен

конституциялық талапқа сай емес деп танылып, жиырма сотталушының өздеріне дене жарақатын салу арқылы мекеме әкімшілігінің заңсыз әрекетіне қарсылық танытуға қатысты іс қысқартылды. Бұл өзгерістің ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында Қапшағай қалалық соты судьясының ұсынысымен енгізілгені жазылып қалды.

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕКЫҰ) төрағалық етті. Сол жиында Президентіміз Қазақстан Республикасында сотталушылардың да құқығы қорғалатынын айтып, Конституциялық Кеңес Қылмыстық кодекстің Конституцияға сәйкес келмейтін бабының күшін жойғанын жария етті.

– Конституциялық Соттың қызметі, оған жүгіну мерзімі хақында халықты хабардар етсеңіз?

– ҚР Конституциялық Сот туралы заңы азаматтарға нормативтік құқықтық актілердің негізгі заң талаптарына сәйкестігін тексеруге және оларға дау айтуға мүмкіндік береді. Яғни, Конституциялық Сот мәселені тек құқық тұрғысынан қарап, қолданыстағы заңдардың Конституцияға сәйкестігі мен сәйкес еместігі туралы мәселені шешеді. Қандай да бір заң нормасының Конституция талабына сай келмейтіні сот шешімінде оны қолданумен байланыстырылып көрсетілуі тиіс. Ескерерлігі, шешім шыққан соң Конституциялық Сотқа бір жылдан кешіктірмей жүгінген жөн. Мұндай жағдайда адам өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіруде сотқа қайта жүгіну мүмкіндігіне ие болады.

– Конституцияның 30 жылдық мерейтойына орай сотталғандарға рақымшылық жасалуда, Сіз бұл мәселеге қалай қарайсыз?

– Әрине, тағдыр жолында сүрінгендерге мүмкіндік берілгені дұрыс. Дегенмен, әркім қолымен жасағанын мойнымен көтеріп, тиісті жазасын алуы керек. Рақымшылықтың арқасында қылмыстық жауапкершіліктен мерзімінен бұрын босатылғандар сабақ алса жақсы, керісінше болса қиын, әрине, қылмыскерлер еркінсіп кетуі әбден мүмкін.

– Жалпы қазылар қауымының материалдық, әлеуметтік жағдайы, мысалы, жалақы, баспана мәселесі қалай шешілген?

– Конституцияның 80-бабына сәйкес, соттарды қаржыландыру мен судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. Қазақстандық қазылардың қазіргі жалақысы салыстырмалы түрде алғанда орташа. Осы

ретте судьялар жалақысының айлық есептік көрсеткішпен есептелгені анағұрлым тиімді болатынын айтқым келеді. Мен бұл мәселені бірнеше жылдан бері көтеріп жүрмін. Өйткені, АЕК (айлық есептік көрсеткіш) әр жыл сайын белгілі бір пайызға көтеріліп отырады. Соған орай, жалақы да көбейе берер еді. Бүгінде бәрі керісінше болып тұр. АЕК көбейгенімен, айлық бәз-баяғы қалпында қалады. Судья жалақысының мөлшеріне қызмет өтілінің де ықпалы бар.

Сот биліктің үш тармағының бірі, мәртебесі жоғары. Заң талабына сай, судья қызметке тағайындалғаннан кейін алты айдан кешіктірмей қызметтік пәтер алуы керек. Алайда, көп жағдайда бұл талап та орындала бермейді.

«Денсаулық – басты байлық» дейміз ғой. Ауыра қалған жағдайда судьялар емханаларға барып, кезек күтіп жүреді. Сот қызметкерлеріне арналған арнайы медициналық қызметті қарастыратын кез жетті. Біз үшін әрбір минут бағалы. Әрбір істе адам тағдыры бар. Сондықтан, соттарға медициналық көмек мәселесі тез арада шешілуі тиіс.

Бұған қоса Қазақстан Республикасының Судьялар одағы аудандық, апелляциялық алқаның судьяларын және отставкадағы судьялар мен зейнеткер судьяларды жылына бір мәрте денсаулығын жақсарту үшін ел шипажайларында демалту мәселесін ұйымдастырып, шешсе деген ұсынысым бар.

– Судьялар жетіспеушілігін материалдық жағдаймен байланыстыруға бола ма?

– Бір шетінен бұл да бар. Олай дейтінім, Республикамызда судьялық қызметке келгісі келетін тәжірибелі, білікті заңгерлер жеткілікті. Бірақ, олар жалақының еңбекке сай еместігін алға тартады. Судьялар санының аздығына жалақының тікелей қатысы бар. Өйткені, жұмыс моральдық тұрғыда өте ауыр. Жауапкершілігі өте жоғары.

– Соттың абырой-беделін сақтауда судьяларға қандай қасиеттер керек?

– Ең бастысы ар тазалығы, ары таза адам кез келген жағымсыз істен өзін аулақ ұстап, соттың ғана емес, бірінші кезекте өзінің абыройына нұқсан келтірмеуге тырысады. «Жаным арымның садағасы» деп өскен ұлттың заңында адамның ар-намысы мен қадірі әрқашан да бірінші орынға шығады. «Судья – сөйлейтін заң, заң – сөйлемейтін судья» немесе «Соты әділ елдің тұғыры биік». Демек, сот билігінің басты тұлғалары судьялардың қызметі

мінсіздікті талап етеді. Мемлекетке де, сотқа да, судьяның өзіне де қара қылды қақ жарған әділ шешімдер ғана абырой әкеледі. Сот беделін сақтау судьяға Әдеп кодексінің талаптарын қатаң ұстануды міндеттейді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біздің судьялар адам құқықтарының қатаң сақталуын қадағалап, үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы, сондай-ақ, жұмысқа деген көзқарастарын жетілдіріп, қалыптасқан ойлау жүйесін өзгертуі қажет» деген сөзі әрқайсымызға үлкен жауапкершілік жүктейді. Судьялыққа келетін заңгер өзінің көп нәрседен шектелетінін түйсінуді тиіс. Судья тек жұмыста емес тәулік бойы судья.

Жоғарыда айтқанымыздай, Конституцияға сай ең басты құндылық адам мен оның өмірі, денсаулығы. Судьялыққа сол өмірге балта шаппайтындай қабылетке ие, білімді, парасатты, азаматтар арасындағы қарым-қатынасты реттей білетін заңгерлер келсе нұр үстіне нұр. Арамызда мұндай судьялар көп.

– Қалай ойлайсыз, судьяларды әр бес жыл сайын аттестациядан өткізудің қажеттілігі бар ма?

– Меніңше, қажет емес, өйткені, судья күнделікті жұмыста жүріп тәжірибе жинап, шындалады. Судьялыққа оңай жолмен келген жоқ, барлық сыннан өтті. Судьяның білім-білігінің деңгейі шығарып жатқан шешімдерінен көрінеді. Мысалы, қажетті емтиханның бәрін тапсырып, өзінің судьялыққа лайықты екенін дәлелдегенде ғана Мемлекет басшысының Жарлығымен тағайындалады. Әр бес жыл сайын аттестация тапсырту судьяның еркіндігі мен заңға сәйкес ақтау үкімдерін қабылдауына қысым келтіруі әбден мүмкін.

– Мемлекеттік тілді білмейтін судьялардың осы тілде түскен істерді қарайтынына сенім аз, бұл мәселені қалай шешуге болады?

– Мұның бір ғана жолы бар ол – мемлекеттік тілді білмейтіндерді судьялыққа үміткерлікке қабылдамау керек. Қазақ тіліне кері көзқараста қарайтындардан арылудың жалғыз тәсілі осы. Мемлекеттік тілде түскен істерді тек қазақ тілін білетін судьялардың қарауы олардың жүктемесін көбейтеді. Бұл өте өзекті мәселе. Судьяға мемлекеттік тіл мәселесінде ешқандай жеңілдік берілмеу керек. Сонда ғана олар қазақ тілін үйренеді.

– Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу жайлы бұқаралық ақпарат

құралдарында мәселе көтердіңіз. Оның орындалғанына бүгінде куәміз. Қандай сезімде болдыңыз?

– Иә, бастаманың межесіне жеткені үлкен қуаныш. «Судьялардың өз кәсіби мерекесі болуы керек!» деген ұсынысымды барлық әріптесім қолдады. Төл мерекемізді биыл төртінші жыл тойладық.

– Халықтың құқықтық сауаты мен мәдениетін көтеруге кімдер ерекше атсалысуы керек деп ойлайсыз?

– Ел халқының құқықтық білім-білігінің көтерілуіне жағдай жасау ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл жауапкершілік жүгін заңнан хабары бар әрбір адам өз мойнын алуы тиіс. «Көп түкірсе көл» дегенді бабаларымыз бекер айтпаған. Мемлекеттік қызметкерлер, заңгерлер, т.б. көпшілікке Конституция мен ел заңдарының нормалары, заңдылық, заңсыздық жайлы, мысалы, Конституциялық Сот пен дербес Кассациялық соттарға, жалпы соттарға жүгіну тәртібі, Алқабилер институты мен Медиация институтының артықшылықтары, алаяқтардан сақтанудың жолдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, т.б. шаралар хақындағы насихаттар БАҚ-тар, әлеуметтік желілер арқылы үздіксіз жүргізілсе жұртшылықтың санасы ашылады. Бұл барлығымызға ортақ міндет. Республикамыздың әрбір азаматы Конституцияның әрбір бабын білсе, құқықтық сауат көтеріледі. Қазақ халқының құқықтық мәдениетінің тарихы терең. Өкінішке қарай, осы құндылықтан ажырап қалдық.

– Жұмыспен жеке өмір арасындағы балансты тең ұстай аласыз ба?

– Тең ұстауға тырысамын, дегенмен, таразы басына салғанда жұмыс жағы басып кетеді. Отбасылық шаруаларға, мәдени-ғылыми шараларға уақыт жеткізе алмайтыным жасырын емес.

– Конституция мерекесіне орай тілегіңіз?

– Конституция күні әрбір қазақстандық үшін қастерлі мереке. Тәуелсіздігіміз нығайып, көк туымыз көкте желбірей берсін. Елімізге тыныштық, жұртымызға амандық тілеймін.

– Уақып тауып, сұхбат бергеніңізге мың алғыс.

Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист

ТҮРКИЯДАҒЫ АБАЙ ЕСІМІ – БАУЫРЛАСТЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

2025 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН БҮКІЛ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ҰЛЫ АҚЫН, ОЙШЫЛ ӘРІ АҒАРТУШЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТУДЕ. АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕ» БЕЙНЕЛЕНГЕН ДАНАЛЫҒЫ МЕН ҰЛЫ ПОЭЗИЯЛЫҚ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ШЕГІНЕН ӘЛДЕҚАШАН АСЫП, КӨПТЕГЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН ТАПТЫ. ОСЫ ТҰРҒЫДА БАУЫРЛАС ТҮРІК ХАЛҚЫНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫҢ ТОҒЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН, ТАРИХИ ӘРІ МӘДЕНИ МЕГАПОЛИС – СТАМБҰЛ РУХАНИ ЖАҚЫНДЫҚТЫҢ КӨЗГЕ КӨРІНЕТІН КУӘСІ БОЛЫП ОТЫР. МҰНДА АБАЙ ЕСІМІМЕН АТАЛАТЫН КӨШЕ МЕН ШАҒЫН САЯБАҚ, ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕСТІЛЕТІН МЕКТЕП БАР.

Түркиядағы Абай есімі – тек ресми құрметтің немесе дипломатиялық сыпайылықтың белгісі емес. Ол – қос ел арасындағы бауырластықтың, рухани жақындықтың, мәдени үндестіктің нақты айғағы. Стамбұлдың мәдени кеңістігіне сіңіп кеткен Абайдың аты бүгінде тарихи шындық пен халық жүрегінің үнін білдіретін ерекше символға айналды. Солардың бірі – Стамбұлдың Зейтинбұрну ауданындағы Абай көшесі (Abay Caddesi). Бұл атау жайдан-жай таңдалған жоқ. Оның астарында терең тарих, мағына мен тағдыр жатыр. XX ғасырдың орта шенінде Түркияға қоныс аударған қазақтар үшін Зейтинбұрну шын мәнінде үміт пен ұмтылыстың мекеніне айналған еді. Осы ауданда қазақ диаспорасы қалыптасып, ұлттық болмысын сақтап қалды. Сондықтан да дәл осы жерде, 1990-жылдары – Қазақстан тәуелсіздігін енді ғана алып, әлемге жаңадан таныла бастаған шақта – көшелердің біріне ұлы Абайдың есімі берілуі кездейсоқтық емес. Қазір бұл аудан – ұлт дәстүрі мен мәдениетін сақтап отырған мекен. Осы орайда, Абай

мүсіні сол қауымдастықтың рухани жиналатын орнына айналды. Ескерткіш айналасында ұлттық мерекелерде өлең оқу кештері, көрмелер, еске алу шаралары өтеді. Түркиядағы қазақ жастары осы ортада Абай шығармашылығымен жақын танысып, қазақ тілін, тарихын, мәдениетін тануға мүмкіндік алуға.

Бұл бастама Зейтинбұрну әкімшілігі мен қазақ диаспорасы өкілдерінің ұсынысымен, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Елшілігінің қолдауымен жүзеге асты. Абай көшесі сол кезде жас мемлекет пен оны алғашқылардың бірі болып таныған бауырлас ел – Түркия арасындағы достықтың символына айналды. Бұл – тек көше атауы ғана емес, қазақ халқының терең рухани болмысы мен тәуелсіздікке деген талпынысының айғағы еді. Түркия қазақтары үшін Абай көшесінің ашылуы – тарихи әділеттіліктің орны толған сәті, олардың мәдени болмысының мойындалуы болды. Бұл – ата жұртқа деген сағыныштың, рухани жақындық пен ұлттық мақтаныштың көрінісі. Бүгінде бұл көше – жай ғана мекенжай



емес, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тарих пен тағдырдың алтын көпірі.

Стамбұлдың жүрегінде 2021 жылғы 18 наурызда салтанатты түрде ашылған Абайға арналған шағын саябақ пен ескерткіш – тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық мерейтойы аясындағы ең ірі символдық оқиғалардың бірі болды.

Түркияның әр қаласында Абай есімін кездестіру – оның Түркиядағы Қазақстанға деген мәдени және рухани ықыласының нақты көрінісі. Мысалы, Анкара қаласында да Абайға арналған Abay Kunanbay Caddesi атты проспект бар. Бұл Қазақстанның Ақмола облысынан бөлек, Түркияда да ұлы ойшылға деген құрметтің жалпыұлттық деңгейде екенін білдіреді. Сонымен бірге Түркияның әр қаласындағы парктер мен шағын саябақтарға Абай есімін беру арқылы қазақ-түрік достығы мәдени-символикалық деңгейде бекітіліп келеді.

«Қара сөздер» – Абайдың ең танымал философиялық еңбектері, түрік тілінде “Kara Sözler” деген атпен бірнеше рет аударылды. Түрік оқырмандары оны Юнус Эмре мен Мевлана Руми сияқты гуманист-ойшылдармен рухани үндестік көрсетеді деп бағалайды.

Kazak Türkleri Vakfı және басқа мәдени ұйымдардың басшылары Абай тұлғасын қазақ диаспорасын біріктіретін символ ретінде жоғары бағалайды. Осы ұйымдардың бастамасымен Абайға арналған мәдени шаралар – отбасылық өлең оқудан бастап «Абай

күні» секілді ауқымды мерекелерге дейін кеңінен ұйымдастырылып, қоғам көңілін аударып отыр. Бұл әрекеттер, әсіресе Түркияда туған жас әрі жаңа буын үшін өз-өзін анықтауда Абай әлемімен танысу айрықша мәнге ие болып отыр.

Диаспора мүшелері Абайға қатысты барлық шаралардың негізгі ұйымдастырушылары болып табылады: ескерткіш орнату мен көшеге оның есімін беру жобаларын алғашқылардың бірі болып бастады. Өз үйінде «Қара сөздерді» оқу дәстүрі қалыптасып, оның өлендері ұлттық мейрамдарда музыкаға салынып орындалуда. Стамбұлда тұратын қазақ белсенді Ертолқын Гейретуллах былай дейді:

«Абай ескерткішінің жанында жиналған кезде өзімізді Қазақстанда жүргендей сезінеміз. Ол бізге даналықпен күліп қарап, түп-тамырымызды жоғалтпағанымызды сездіреді. Ол – біздің компасымыз.»

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – тек мерейтойлық дата емес, ұлттың рухани кеңістігін қайта жаңғыртатын маңызды кезең. Түркияның Стамбұл қаласында орналасқан Абай ескерткіші – осы рухани жаңғырудың шетелдегі айқын көрінісі. Ол – қос ел арасындағы достықты, тарихи және мәдени үндестікті айқындайтын нысан ғана емес, қазақ мәдениетінің алыстағы жарқын белгісі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
журналист

ЭВОЛЮЦИЯ ПРАВООЩИТНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА В СВЕТЕ КОНСТИТУЦИОННОЙ РЕФОРМЫ



Альбина МАУТОВА,
начальник
Департамента
координации
нормотворческой
деятельности,
старший советник
юстиции,
почетный работник
прокуратуры РК

В ЭТОМ ГОДУ МЫ ОТМЕЧАЕМ ТРИДЦАТИЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ
КОНСТИТУЦИИ, ОПРЕДЕЛИВШЕЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ НАШЕЙ
СТРАНЫ КАК ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО, СВЕТСКОГО,
ПРАВОВОГО И СОЦИАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА,
ПРОВОЗГЛАСИВШЕЙ ВЫСШЕЙ ЦЕННОСТЬЮ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО
ЖИЗНЬ, ПРАВА И СВОБОДЫ.

Тридцатилетие Основного Закона – это не только повод для подведения итогов, но и возможность осмыслить эволюцию верховенства Конституции и национального механизма защиты прав человека.

За три десятилетия шесть раз в её текст вносились изменения, отражающие развитие общества и государства. Существенные реформы были реализованы в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 и 2022 годах.

Все эти изменения в значительной степени усилили правозащитные механизмы государства.

В центре этого механизма сегодня находятся два института – Конституционный Суд и прокуратура, функции которых после конституционной реформы 2022 года существенно усилились и сблизились.

Одним из ключевых достижений стало воссоздание Конституционного Суда – органа, уполномоченного принимать окончательные решения по обращениям граждан, включая оценку соответствия законов и иных нормативных актов Конституции. Эта мера значительно усилила институциональные гарантии защиты основных прав и свобод.

Конституционный Суд при осуществлении конституционного контроля выявляет и раскрывает глубинное содержание конституционных ценностей, принципов и норм, задаёт ориентиры для законодателя и правоприменителей, предостерегая от искажённого толкования Основного Закона в законодательстве, правопонимании и правоприменительной практике.

Его деятельность – надёжная гарантия соблюдения прав и свобод человека, признанных Конституцией высшими ценностями государства.

В этом направлении задачи, возложенные Конституцией на Конституционный Суд и прокуратуру, являются близкими по многим параметрам.

Конституционный Суд обеспечивает конституционную законность, прокуратура – высший надзор за соблюдением законности.

Надо отметить, что до конституционной реформы 2017 года органы прокуратуры были наделены правом опротестования законов, но это полномочие не применялось ввиду отсутствия процессуального механизма.

Разработка этого механизма не раз была предметом рассмотрения на различных площадках, в том числе на заседании Совета по правовой политике при Президенте Республики Казахстан ещё в 2011 году.

Тогда изучение вопроса опротестования прокуратурой законов, противоречащих Конституции и законам республики, было поручено Генеральной прокуратуре, Министерству юстиции, Верховному Суду и Комитету национальной безопасности.

Необходимость законодательного закрепления механизма реализации правомочий прокуратуры по опротестованию законов, предусмотренных статьёй 83 Конституции Республики Казахстан, была отмечена и в послании Конституционного Совета от 23 июня 2008 года № 09-6/1 «О состоянии конституционной законности в Республике Казахстан» («...до настоящего времени не реализована конституционная норма (пункт 1 статьи 83 Основного Закона), наделяющая Генерального прокурора республики правом опротестовывать законы, противоречащие Конституции. На практике он не может воспользоваться этим правом, поскольку законодательство не предусматривает правового механизма реализации данного полномочия»).

В рамках исполнения обозначенных документов разрабатывались различные варианты реализации полномочия прокурора по опротестованию законов, однако ввиду наличия концептуальных разногласий между заинтересованными государственными органами так и не приняли взаимоприемлемого решения.

При этом тогда прокуратура к субъектам обращения в орган конституционного контроля не относилась и вправе была обратиться к нему только с ходатайством об истолковании ранее принятого итогового решения по конституционным производством, участником которых она являлась.

В прежней системе, при наличии сомнений в конституционности закона, прокурору приходилось обращаться к субъектам права обращения – Президенту, председателям палат Парламента, Премьер-министру, депутатам Парламента, что затрудняло своевременное реагирование на возможные нарушения конституционных прав. Такая опосредованность ограничивала самостоятельность надзорного органа.

Наделение с 2023 года Генерального прокурора правом прямого обращения в Конституционный Суд стало не просто логическим продолжением эволюции прокурорского надзора, но и качественным институциональным прорывом в укреплении механизмов конституционной справедливости.



Теперь после конституционной реформы 2022 года при возникновении сомнений в конституционности законов прокуратура в порядке пункта 4 статьи 72 Конституции вправе обращаться в Конституционный Суд на предмет их соответствия Основному Закону.

В 2024 году по обращениям Генерального прокурора вынесены два итоговых решения Конституционного Суда.

Первое – о толковании статей 25 и 26 Конституции по вопросам гарантий собственности, неприкосновенности жилища.

Генеральная прокуратура обратила внимание на то, что действующий порядок обращения взыскания на жилище с санкции прокурора противоречит Конституции, согласно которой лишение жилья возможно только по решению суда.

Конституционный Суд согласился с доводами Генерального прокурора и в своем нормативном постановлении от 19 апреля 2024 года указал, что такие решения должны приниматься исключительно судом.

Второе итоговое решение Конституционного Суда по обращению Генерального прокурора касалось законодательного пробела.

Сейчас на стадии досудебного расследования следственные судьи ряд процессуальных решений, касающихся конституционных прав граждан, санкционируют без участия прокурора.

29 мая 2024 года Конституционный Суд истолковал, что участие прокуратуры на этой стадии является её исключительной конституционной функцией.

Эти решения свидетельствуют об эффективности обновлённого механизма обеспечения верховенства Конституции. Новое полномочие Генерального прокурора оказалось не избыточным, а напротив – актуальным и результативным, гармонично дополняющим систему правовых гарантий.

Новая модель конституционного контроля позволяет оперативно реагировать на системные сбои в правоприменении, устанавливать конституционно-правовой смысл норм. Это особенно актуально в условиях динамично развивающегося законодательства, где не все нормы успевают пройти «проверку на совместимость» с духом и буквой Основного Закона.

В то же время надо отметить, что эффективность конституционного контроля во многом зависит от формы, объема и характера исполнения консти-

туционных решений. Для человека, подающего жалобу, жизненно важно иметь возможность получить эффективное средство правовой защиты от Конституционного Суда.

Поэтому исполнение решений играет решающую роль в поддержании верховенства Конституции и верховенства прав.

При этом роль прокуратуры как органа, осуществляющего высший надзор за соблюдением законности, оказалась заново переосмыслена. Прокуратура была органично включена в механизм реализации решений Конституционного Суда, что усилило её значение в обеспечении конституционной законности. Благодаря интеграции с системой конституционного контроля прокуратура получила новые инструменты для защиты прав граждан, что особенно важно в условиях роста общественного запроса на справедливость и подотчётность власти.

Для работы в новых условиях после конституционной реформы 2022 года в составе Департамента координации нормотворческой деятельности Генеральной прокуратуры образовано специализированное профильное подразделение.

В его задачи входит изучение материалов по запросам Конституционного Суда, составление по ним заключений, обобщение правоприменительной практики касательно выявленных в рамках прокурорского надзора правовых коллизий и нестыковок с конституционными нормами положений нижестоящих по иерархии нормативных правовых актах, а также участвует совместно с уполномоченными органами в разработке законопроектов, направленных на исполнение решений Конституционного Суда.

Помимо этого Департаментом на полугодовой основе проводится обзор по исполнению итоговых решений Конституционного Суда в рамках надзорной деятельности, что также подчеркивает важность применения правовых позиций органа конституционного контроля при осуществлении высшего надзора прокуратурой.

В рамках этой работы подготовлено 76 заключений по конституционным производствам, принято участие в разработке поправок, направленных на исполнение 21 нормативного постановления Конституционного Суда. Цель – привести законодательство в соответствие с Конституцией и правовыми позициями Конституционного Суда.

Нами активно применяется механизм прямого исполнения решений Конституционного Суда в повседневной надзорной деятельности. Согласно пункту 4 статьи 64 Конституционного закона «О Конституционном Суде» до внесения изменений в законодательство обязательными к применению являются сама Конституция и правовая позиция, изложенная в решении Конституционного Суда. Это означает, что прокуроры на местах руководствуются правовыми позициями органа конституционного контроля как источником норм права.

Во исполнение нормативных постановлений Конституционного Суда прокурорами приняты меры по восстановлению конституционных прав 62 граждан, внесено 33 акта надзора и реагирования, а также реализовано 28 иных мер.

В ходе применения правовых позиций органа конституционного контроля на практике возникают проблемные вопросы.

Так, согласно статье 57 Конституционного закона «О Конституционном Суде Республики Казахстан» данный орган принимает итоговые решения трёх видов:

- о признании закона или его положения неконституционным;
- о признании его соответствующим Конституции;
- о признании его соответствующим Конституции в истолковании, данном Конституционным Судом.

Именно третий вид решений – признание нормы соответствующей Конституции в конкретном истолковании – представляет собой новацию, вызывающую активную дискуссию в научной и правоприменительной среде. На наш взгляд, такие решения позволяют сохранить действие нормы, устранив её антиконституционное понимание, что особенно важно в условиях стремительно изменяющейся правовой среды.

Такая форма решения позволяет уяснить конституционный смысл нормы, не разрушая структуру нормативного регулирования. Это гарантирует баланс между стабильностью законодательства и гибкостью его правоприменения.

Несмотря на очевидные преимущества итоговых решений с иным истолкованием, их реализация сталкивается с институциональными и процессуальными барьерами.

Основная проблема заключается в отсутствии прямого указания в процессуальных кодексах (например, в ГПК и УПК) на возможность пересмотра дел по новым обстоятельствам, если Конституционный Суд дал норме закона новое конституционное истолкование, не отменив её.

Кроме того, стоит учитывать, что отсутствие должного механизма реализации решений Конституционного Суда может снизить доверие граждан к правосудию в целом. Решения высшего органа конституционного контроля должны иметь не только номинальную силу, но и реальные правовые последствия.

Решения с иным истолкованием не казахстанское изобретение. Они широко применяются в конституционной юрисдикции таких стран, как Германия, Италия, Россия, Армения. Согласно позиции Венецианской комиссии подобная практика отвечает духу правового государства, так как позволяет устранить неопределённость в праве без признания самой нормы недействительной.

Международный опыт также подтверждает, что иное истолкование может служить основой для пересмотра дел. В Германии и России предусмотрены специальные механизмы, позволяющие пересматривать судебные решения на основе правовых позиций конституционных судов, в том числе – при ином истолковании норм. Таким образом, закрепление данной практики в Казахстане соответствует лучшим правовым стандартам.

На практике суды уже начали применять такой подход.

К примеру, два года назад Конституционным Судом дано истолкование по вопросам пенсии (Нормативное постановление Конституционного Суда №5-НП от 27 марта 2023 г.).

После данного постановления суды СКО и ВКО пересмотрели свои решения.

К примеру, гражданин Б., являлся пенсионером МВД, был осужден уже после своего увольнения. Приговором суда он был лишен звания. По этой причине Департамент полиции прекратил выплату пенсии по выслуге лет.

Конституционный Суд указал, что пункт 1 статьи 28 Конституции гарантирует гражданам пенсию. Это означает, что прекращение пенсионных выплат за выслугу лет допустимо исключительно в случаях, прямо предусмотренных законом (смерть

лица либо его выезд на постоянное место жительства за пределы страны).

Сначала суды согласились с позицией полиции, но после постановления Конституционного Суда, пересмотрели свои решения и восстановили пенсию.

Поэтому мы убеждены, что третий вид итоговых решений Конституционного Суда усилил инструменты обеспечения конституционной законности и защиты прав граждан.

В то же время в судебной практике есть примеры, когда субъект обращения не смог реализовать свои права ввиду отсутствия в процессуальных кодексах такого основания для пересмотра судебного акта по новым обстоятельствам, как признание нормы закона соответствующей Конституции в данном Конституционным Судом истолковании.

Сейчас на рассмотрении Мажилиса Парламента находится соответствующий законопроект, который направлен на закрепление соответствующего процессуального механизма исполнения нормативных постановлений Конституционного Суда, которыми норма закона признана соответствующей Конституции в данном им истолковании.

Резюмируя вышеизложенное, отмечу, что 30-летний юбилей Конституции – это момент не только для оценки стабильности Основного Закона, но и для признания заслуг тех институтов, которые ежедневно обеспечивают её действенность. Прокуратура Республики Казахстан, обладая широкими надзорными функциями и эффективно используя решения Конституционного Суда, стала важнейшим звеном в защите прав и свобод граждан.

Реализация итоговых решений Конституционного Суда, особенно в форме иного истолкования, в совокупности с полномочиями органов прокуратуры, создают уникальный конституционный тандем, где верховенство закона получает не декларативное, а практическое воплощение.

Путь вперед – это дальнейшее развитие институционального взаимодействия, адаптация законодательства, усиление аналитической роли прокуратуры в обеспечении правопорядка и справедливости. Консолидация усилий Конституционного Суда и прокуратуры – залог устойчивого правового государства, ориентированного на человека.

СЕНІМХАТ БЕРУДІҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР



Азамат ШОЙБЕКОВ,
*Қарасай аудандық
сотының судьясы
Алматы облысы*

АДАМНЫҢ ӨЗ АТЫНАН ӨКІЛДІК ЕТУІ ҮШІН БАСҚА БІРЕУГЕ СЕНІП ТАПСЫРУЫ, ЯғНИ, ҚҰҚЫҒЫН УАҚЫТША ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУІ СЕНІМХАТПЕН РӘСІМДЕЛЕДІ. БҰЛ ҮШІН СЕНІМ БІЛДІРУШІ МЕН СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АЗАМАТТЫҢ ӨРЕКЕТКЕ ТОЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ. ЕКІ ЖАҚТЫҢ БІРІНІҢ ӨРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БОЛМАУЫ НЕМЕСЕ ШЕКТЕУЛІ БОЛУЫ СЕНІМХАТТЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫНА НЕМЕСЕ ТОҚТАТЫЛУЫНА НЕГІЗ БОЛАДЫ. ЖАЛПЫ АЛҒАНДА СЕНІМХАТ ЖАЗБАША ҚҰЖАТ РЕТІНДЕ ӨКІЛДІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЖЕТТІ ЭЛЕМЕНТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Бұдан әрі нақтыласақ, сенімхатты жалақы, зейнет-ақы, алимент, ақша аудару, т.б. қаражаттарды алуда пайдалануға болады. Бұған қоса сатып алу, сату, үй ауыстыру, басқару, сыйлық алу, автоколіктерді сату, ауыстыру т.б. операциялар сенімхат арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, сенімді өкілге сотта, кәсіпкерлікте іс жүргізуді, банктегі есепшотқа иелік етуді, т.б. сеніп тапсыруға болады. Мысалы, ҚР Азаматтық процесілік кодекстің 61-бабымен нақтыланғандай, өкілдің

өкілеттіктері заңға сәйкес берілген және ресімделген сенімхатта көрсетіледі. Сенімхат сотқа жазбаша немесе сенім білдірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түрінде өткізіледі.

Ұйымдар мен фирмалар, тағы басқа мекемелер өз қызметкерлеріне сенімхат бере алады. Бірақ, онда сенімді өкілге берілетін құқықтар нақты көрсетілуі тиіс. Мұндай құқықтарға келісім жасау,

фирма атынан келіссөз жүргізу, жұмысшы жалдау немесе тауар қабылдаулар кіреді.

Он төрт пен он сегіз жасқа дейінгі кәмелеттік жасқа толмағандар сенімхатты куәландыруды тек заңды өкілдердің, ата-аналарының, асыраушыларының немесе қамқоршыларының келісімі негізінде жүзеге асырады. Ал әрекет қабілеттілігі шектеулі азаматтардың уәкілеттілігі тек қамқоршылар келісімі негізінде беріледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-бабы, 2-бөлігінде көрсетілгендей, мүлікке билік ету мен нотариаттың куәландыруын қажет ететін мәмілелерге қатысты сенімхатты заңда өзгеше көзделмесе нотариус куәландырады. Нотариат куәландыратын сенімхаттарға аталған бөліктің тармақшаларымен белгіленген сенімхаттар теңестіріледі. Негізінен сенімхат нақты мерзімдегі іс-әрекетті жүзеге асыруға қолданылады. Берілген күнінің белгіленбеуі оның жарамсыздығын білдіреді.

Заң талабымен сенімхат үш жылға рәсімделеді. Егер онда ұзақ мерзім көрсетілсе үш жылға, көрсетілмесе бір жылға жарамды болады. Сенім білдірілген адам өзіне берілген уәкілдік аясында әрекет етеді. Әрі ол сенім ауыстыруға уәкілдік берілген не сенім білдірушінің мүдделерін қорғау қажеттілігі туған жағдайда сенімхаттың негізінде әрекеттерді жасау сенімін басқа адамға аударуға құқылы. Сенім білдірілген адамның өз өкілеттігін басқа адамға беруі жөніндегі сенімхатты Азаматтық кодекстің 167-бабының 4 және 6-тармақтарында көзделгеннен басқа жағдайларда нотариат куәландырады.

Осы баптың 6-тармағына сәйкес, заңды тұлғаның атынан берілетін сенімхат оны сенім ауысуы тәртібімен беретін жағдайлардан басқа ретте нотариаттық куәландыруды талап етпейді. Заңды тұлғаның атынан берілетін сенімхатқа оның басшысы немесе құрылтай құжаттарымен осыған уәкілеттік алған адамның қолы қойылып, мөрі басылады.

Сенім білдірілген адам өз өкілеттігін басқаға аударатыны туралы сенімхатқа ең бірінші сенімхатты қосып береді. Бастапқы сенімхатта көрсетілген жекелеген өкілеттіктерді басқа немесе бірнеше адамға беру жөніндегі сенімхатқа оның нотариат куәландырған көшірмесі тіркеледі. Айтып өтерлігі, сенім ауыстыру жөніндегі сенімхатты қолдану уақыты соның негізінде берілген алғашқы сенімхаттың қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

Өз өкілеттігін басқа біреуге берген кезде сенім білдірілген адам бұл туралы сенім білдірушіні тез арада хабардар етуге міндетті. Бұлай етпеген жағдайда оған жауапкершілік жүктеледі. Сенімхаттың түр-

лері сенім білдірілген адамға берілетін өкілеттіктің көлемі мен мазмұнына қарай ажыратылады.

Сенімхаттың тоқтатылуына Азаматтық кодекстің 170-бабымен айқындалғандай, қолданылу мерзімінің өтуі, онда көзделген әрекеттердің жүзеге асуы, сондай-ақ, сенімхат берушінің оның күшін жоюы немесе бас тартуы, қайтыс болуы, хабар-ошарсыз кетті деп танылуы, өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылып, таратылуы, т.б. себеп болады.

Есте ұстарлығы, сенімхатты берген адам оның күшін кез келген уақытта жоя және бас тарта алады. Бұл жөнінде сенімхат берген адамға, сондай-ақ, сенімхат берілгендердің алдында өкілдік ету үшін өзіне белгілі үшінші жаққа хабарлайды. Сенімхаттың күшін жою үшін сенім білдірілген адамға хабарлаудың маңызы зор, себебі, сенімхат сенім білдірушінің сенімхаттың күшін жою жөніндегі шешімі туралы сенім білдірілген адам білген немесе білуге тиісті болған кезден бастап тоқтатылады.

Сенімхат бойынша құқықтық қатынастар сенім білдіруші мен сенім білдірілген адамның қатысуына негізделеді. Бұл қатынастардың жеке, өзара сенімділік сипаты бар, ол, әдетте, сенім білдірілген адам міндеттемелерінің орындалуын жеке өзі талап етуінен, сенім білдірушінің сенімхаттың күшін жою немесе сенім білдірілген адамның міндеттемені орындаудан кез келген уақытта бас тарту мүмкіндігінен байқалады.

Сенімхат тоқтатылған соң сенім білдірілген адам немесе оның құқық мирасқорлары, заңды өкілдері, сенім білдірушіге немесе оның құқық мирасқорларына, заңды өкілдеріне сенімхатты қайтаруға міндетті.

Бұрын сенімхатты рәсімдеу кезінде құжатқа қол қою және нотариустың куәландыруы үшін клиенттің келуі талап етілетін. Бүгінде сенімхаттың барлық түрін электронды түрде рәсімдеуге болады. Енді нотариаттық сенімхат азаматтарға eGov Mobile арқылы қолжетімді болып отыр. «Цифрлық сенімхат» онлайн режимде клиент пен нотариустың бейнебайланысы арқылы рәсімделеді.

Сенімхат біржақты мәміле болғандықтан, оны нотариус мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелеріне сәйкес рәсімдейді. Сенімхаттарды куәландыру барысында заң нотариусқа сенім білдірушілерге олардың атынан берілген сенімхаттың құқықтық салдарын түсіндіру міндеттемесін жүктейді, яғни, сенім білдірушілер оларға берілген уәкілеттіктердің көлемі мен сипаты туралы білуі қажет.

ДРОППЕРЛЕР ЖАЗАСЫ КҮШЕЙТІЛДІ



Амангелді УМАРОВ,
*Алмалы аудандық
№2 сотының судьясы
Алматы қаласы*

ҚОҒАМЫМЫЗДА ДРОППЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН АЛАЯҚТЫҚ ӨРЕКЕТТЕР АЗ ЕМЕС. АЛДЫМЕН ДРОП, ДРОППЕР ҰҒЫМДАРЫНА ТОҚТАЛЫП ӨТСЕК, БҰЛАР ӨЗДЕРІНІҢ БАНКТІК ШОТТАРЫ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӘМИЯНДАРЫ, Т.Б. АРҚЫЛЫ АЛАЯҚТАР ҰРЛАҒАН ҚАРЖЫНЫ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАҒА АЙНАЛДЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР.

Жеңіл жолмен ақша табуды көздейтіндер алаяқтардың ұсынысына келісіп, олардың талабын орындайды, осы арқылы өздеріне сый-ақы алады. Сот тәжірибесі интернет-алаяқтардың дропперлерді тауарды алдын ала төлем арқылы сату схемасына, сондай-ақ, курерлік жұмыстарға пайдаланады. Сондықтан, әлеуметтік желілерде орналастырылған жалақысы жоғары жұмыстарға сақтықпен қараған жөн. Мысалы, «ешқандай тәжірибесіз қашықтықтан атқарылатын жұмыс» немесе «күніне бір-екі сағат жұмыс істеп қомақты қаржы табу», т.б. жарнамалар көп.

Интернет алаяқтары банктік шоттардан қолды еткен қаржысын аударатын адам іздеп, оларға ұрланған ақшаның қандай да бір пайызын беріп қызықтырады. Кей жағдайда алаяқтар қаржыны кездейсоқ адамның шотына әдейі аударып жібереді. Бұдан соң оған ақшаны қателесіп аударғаны туралы хабарласып, қайтаруын сұрайды. Алайда, ақшаны басқа адамның шотына аудартады. Алаяқтар өз ойларын жүзеге асыру үшін барлық айла-шарғыны пайдаланады.

Сондықтан, әрбір азамат өзін қылмыстық схемадан қорғау үшін қателесіп аударылған қаражатты қайтаруда барлық операцияны мобильді қосымшада немесе өтініш беріп тек банк арқылы жүргізгені абзал. Осы жағдайда ғана қаржы үшінші тұлғаның шотына емес, жіберушіге қайта түседі. Алаяқтарға сеніп, солардың айтуы бойынша әрекет ету өте қауіпті, өйткені, өзіңіздің қылмыстық схеманың қатысушысы екеніңізді дәлелдеу қиынға соғады. Жеке құжаттар мен өзіңіз туралы мәліметтерді, төлем карточкаларын, кілт сөздерді құпия ұстау көптеген келеңсіздіктің алдын алады.

Заң бойынша алаяқтыққа қатысқан дропперлер жауапқа тартылады. Мәселен, елімізде алаяқтық әрекеттерге біле тұра пайда табу мақсатында қатысқандарға ҚР Қылмыстық кодекстің 28-бап, алаяқтық 190-баптарымен қылмыстық жауапкершілік, ең жоғары жаза 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Ал алаяқтардан зардап шеккендер сотқа ҚР Азаматтық кодексінің 353, 953-960, ҚР Азаматтық процестік кодексінің 148-149-баптарының негізінде жүгінуге құқылы. Яғни, зардап шегушілер сотқа дропперлерден азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен өз қаржыларын өндіріп алу туралы талап-арыз бере алады.

Азаматтық кодекстің 48-тарауы негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелерге арналған. Осы тараудың 953-бабымен көрсетілгендей, дропперлер қылмыстық схеманың бөлігі ретінде қаралғанымен қаржылық жауапкершілікке толықтай тартылады. Яғни, аталған кодекстің бірінші

бөлігіне сәйкес, заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), осы кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті. Ресми ақпараттар бытыр дропперлерден сот арқылы 800 талап арыздың негізінде 1 миллиард теңгеден астам қаржы өндірілгенін көрсетіп отыр.

Бұл ретте тағы бір айтып өтерлігі, жақында ел азаматтарының цифрлық қауіпсіздігін күшейтетін заңнамалық өзгеріс, сталкинг пен банктік құралдарды заңсыз пайдалануға қатысты қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осыған орай, Қылмыстық кодекс 232-1-баппен толықтырылды, яғни, бұдан былай банктік шоттар мен төлем карталарына, цифрлық сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу, оларды беру, сондай-ақ, сатып алу қылмыс болып саналады. Дропперлердің әрекеттері үшін айыппұл, түзету жұмыстары немесе бас бостандығынан айыру жазалары қылмыстық заңмен бекітілді. Атап айтсақ, өз шотын басқаға бергенді үш жылға дейін, үшінші тұлғаларға ақша аударушыны бес жылға дейін, бөтен шотқа қолжетімділік сатып алғанды жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру белгіленген.

Алаяқтық схемаларда делдал ретінде пайдаланылатын дропперлерге қарсы қолданылатын қатаң шаралар өз кезегінде жасырын аударымдар мен үшінші тұлғалар арқылы жасалатын қаржылық қылмыстардың жолын кесуге ықпал етеді. Заңнамалық өзгерістерді тек жазалау шарасы ретінде ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жүйелі тәсілі ретінде қабылдау керек.

Дропперлердің жолын кесу мақсатында еліміздің құзырлы органдары тарапынан түрлі шаралар қабылданауда. Мысалы, бір банктен бір клиент бұрын он төлем картаға дейін шығарса, бүгінде бұл көрсеткіш беске қысқартылды. Сонымен қатар, бейрезиденттердің шоттар ашуына қойылатын талаптар қатаңдатылды. Анықталған күдікті операциялар бұғатталып, олар туралы деректер құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Дропперлерге заңмен қолданылатын жаза түрлерін айтып отырғанымыз, бұған дейін дропперлерге тек азаматтық-құқықтық талаптар қолданылып келген болатын. Енді қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бүгінде дропперлерге қарсы азаматтық істерде алаяқтық жолмен алынған қаражаттар қайтарылуда. Осы себепті, азаматтар оңай жолмен келетін ақшадан бас тартып, ойланулары тиіс.

ПРОКУРАТУРА ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ЗАҢ МЕН ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ БІРЛІГІ



Жансая ИМАНҒАЗИЕВА,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Норма шығармашылық
қызметін үйлестіру
департаментінің Нормативтік
құқықтық актілердің
Конституцияға сәйкестігін
қадағалау жөніндегі
басқармасының аға
прокуроры, аға әділет
кеңесшісі, заң ғылымдарының
кандидаты

КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АРХИТЕКТУРАСЫНДА
БҮКІЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН БЕРІКТІЛІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ИНСТИТУТТАР БАР. ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҰНДАЙ НЕГІЗГІ ИНСТИТУТТАРДЫҢ
ҚАТАРЫНДА, ӘРИНЕ, ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ МЕН
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ БАР.

Олардың миссиясы терең институционалдық – Конституцияның үстемдігін, заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және заң нормаларының қағаз жүзінде қалмауын, керісінше, дәйекті және қатаң қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Прокуратураның Конституциялық Сотпен өзара іс-қимылы Қазақстанның құқықтық дамуы мен демократиялық үдерістердің тереңдей түсуі дәуірінде ерекше маңызға ие.

Қазақстанның прокуратура органдары заңдылықтың сақталуына кепілдік етеді. Әр уақытта құқықтық мемлекет құру жағдайында заң бұзушылықтарға қарапайым реакциядан конституциялық құндылықтарды белсенді қорғауға дейін олардың рөлі жаңа өлшемге ие. Конституцияның 83-бабына сәйкес, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Прокуратура Конституциялық Сотта конституциялық іс жүргізуді бастауға (мысалы, Бас Прокурордың жолданымы арқылы) қатысып қана қоймай, конституциялық бақылау органының сұрау салулары бойынша құқықтық ұстанымын білдіреді. Сонымен қатар, оның түпкілікті шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасында қолданыстағы құқық болып табылады. Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары мен қорытындылары қабылданған күннен бастап күшіне енеді, елдің бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

Конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және Конституциялық Сот шешім қабылдаған немесе ол белгілеген күннен бастап қолданылмайды.

Конституциялық Сот қабылдаған қорытынды шешімнің қолданылуы мен орындалуының өзге тәртібін айқындаған жағдайларды қоспағанда, сот-

тардың және өзге де құқық қолдану органдарының заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалуға жатпайды және белгіленген тәртіппен қайта қаралуға тиіс.

Заңның және басқа да құқықтық актілердің немесе олардың жекелеген ережелерінің Конституцияға сәйкес келмейді деп танылуы конституциялық емес деп танылған немесе осындай ережелерге негізделген не осы ережелерді қайталайтын ережелерді қамтитын басқа заңдардың немесе өзге де құқықтық актілердің ережелерінің белгіленген тәртіппен күшін жоюға негіз болып табылады.

Заң немесе өзге де құқықтық акт не олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған жағдайда оларды қолдану кезінде өзгеше түсіндірілмейді, ал мұндай шешім қабылдаудың салдары норманы конституциялық емес деп тану кезіндегідей тәртіппен айқындалады (Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы «Конституциялық заңының 62-63-баптары).

Жоғарыда көрсетілгендей, Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары белгілі бір норманы конституциялық емес деп танитын жай ғана актілер емес, олар кеңірек функцияны орындап – құқықтық нұсқауларды белгілеп, Конституцияның нормаларын түсіндіріп, барлық мемлекеттік органдар ұстануға тиіс бірыңғай құқықтық ұстанымды қалыптастырады. Осылайша, Конституциялық Соттың қорытынды шешімдерін іске асыру және орындау нысандарының бірі қолданыстағы заңнамаға Конституция нормаларына анықталған қайшылықтарды жоюға және құқықтық жүйені конституциялық-құқықтық стандарттарға сәйкес келтіруге бағытталған түзетулерді қабылдау болып табылады.

Прокуратура Конституциялық Сот анықтаған құқықтық олқылықтарды жою бойынша өз қорытындыларын дайындау және өз бастамаларын енгізу арқылы бұл үдерісте белсенді рөл атқарады. Мысалы, ҚР Конституциялық Сотының № 4, 22, 27, 38 нормативтік қаулыларын орындау шеңберінде 2025 жылдың 10 қаңтар күні азаматтарды мемлекеттік, әскери қызметке, сондай-ақ, құқық қорғау органдарына қабылдау қағидаларына елеулі өзгерістер енгізген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.



Әрине, бұл жерде уақыт өте келе қалыптасып қалған қарым-қатынастарда заңды өзгерту не үшін қажет болды деген орынды сұрақ туындайды. Осы мәселеге терең талдау жасасақ, азаматтарымызды ең жоғары құндылықтар ретінде санайтын мемлекетіміздің алға қарай дамуында бұл өте қажетті өзгеріс саналады.

Конституциялық Соттың пайымдауынша, бұрынғы заңнамамен мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін, құқық бұзған немесе сотты болған тұлғалардың қызметке өтіп кетуі мемлекеттік аппараттың адалдығына, кәсібилігіне және халық сеніміне нұқсан келтірді. Осы себептен қолданыстағы заңнамаға нақты шектеулер енгізу қажет болды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 16-бабына енгізілген өзгерістер бойынша келесі талаптар қойылған. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан шығарылғандар егер соңғы екі жылда мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылық үшін немесе соңғы бір жылда заңмен белгіленген шектеулерді, қызметтік этиканы бұзғаны үшін жұмыстан шығарылса, мемлекеттік қызметке қабылданбайды.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық үшін жазаланғандар егер соңғы үш жыл ішінде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылса, мемлекеттік қызметке қабылданбайды. Бұл оның бірінші рет жасаған құқық бұзушылығы болса және ол активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырмаған тұлғаны жұмысқа қабылдағаны үшін ғана жазаланса бұл ерекше жағдайға жатады.

– Сотты болған немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған немесе соған байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатылған тұлғалар – соңғы үш жыл ішінде;

– кіші ауырлықтағы қылмыс үшін сотталғандар немесе босатылғандар – соңғы 5 жыл ішінде;

– орташа ауырлықтағы қылмыс үшін сотталғандар немесе босатылғандар – соңғы 8 жыл ішінде қызметке қабылданбайды.

Сондай-ақ, сотты болған немесе сот үкімімен босатылғандар азаматқа, отбасыға, балаларға, мемлекеттің конституциялық негіздеріне, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы, сыбайлас жемқорлық пен экономикалық саладағы орташа ауырлықтағы

қылмыстар жасаған болса олар да мемлекеттік қызметке қабылданбайды. Бұған қоса, теріс қылықтарымен, атап айтқанда, құқық қорғау, әскери, арнайы мемлекеттік органдардан немесе соттан шығарылғандар соңғы екі жыл ішінде мемлекеттік қызметке алынбайды.

Жоғарғы Сот жанындағы Сапа жөніндегі комиссия шешімімен кәсіби жарамсыздығынан өкілеттілігі тоқтатылған судьяларға және жұмыста үш сағаттан астам себепсіз болмағаны үшін жұмыстан шығарылған қызметкерлерге қатысты бұл ерекше жағдай болып саналады.

Аталған жағдай бойынша әскери қызметке немесе құқық қорғау органдарына екі жыл өткен соң ғана қызметке қабылдануға құқықы бар. Әскери қызметке және құқық қорғау органдары қатарына соңғы үш жылда сыбайлас жемқорлық үшін әкімшілік жауапқа тартылғандар, жағымсыз қылықпен жұмыстан шығарылғандар, сотты болған немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар қабылданбайды.

Бұл өзгерістер қызметке лайық емес адамдардың мемлекеттік аппаратқа өтуін болдырмауға бағытталған. Енді мемлекеттік және құқық қорғау органдарына құқық бұзған, сотты болған немесе адалдық танытпаған адамдар қабылданбайды, яғни, қоғам сенімін жоғалтқан осындай адамдарға мемлекеттік қызметке жол жабылды.

Конституциялық бақылау органының қорытынды шешімдерінің толық орындалу жолындағы прокуратура органдарының қабылдаған шараларына қатысты нақты мысал келтірсек, Конституциялық Соттың «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы заңының 38-бабы 2-тармағы 11) тармақшасының және «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы заңның 6-бабы 2-тармағы 9) тармақшасының ҚР Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 31 тамыздағы № 27-НҚ нормативтік қаулысымен «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңның 26-бабы 2-тармағының 8) тармақшасымен өзара байланысты болу үшін қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмағаны үшін әскери қызметтен шығарылған адамдардың әскери қызметке және құқық қорғау қызметіне кіруіне мерзімсіз тыйым салуды белгілеу бөлігінде «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңның 38-бабы 2-тармағының 11)

тармақшасы және «Құқық қорғау қызметі туралы» заңның 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасы осы құқықтық шектеудің мөлшерлестігінің болмауына байланысты Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған болатын.

Аталған нормативтік қаулыны орындау барысында Бас әскери прокуратурасымен Қорғаныс министрлігіне Конституциялық Соттың осы қорытынды шешімінде көрсетілген негіздер бойынша әскери қызметке қайта қабылдаудан бас тартылған адамдардың бұзылған конституциялық құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу талабы қойылған заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізіліп және заңдардың бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндірме жолданған.

Осы прокурорлық ден қою және қадағалау актілерін қарау нәтижелері бойынша бұрын қызметте болмағаны үшін үш сағаттан астам жұмыстан босатылған 27 адам қызметке қайта қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыс қазіргі таңда да жалғасуда. Сонымен қатар, осы нормативтік қаулы бойынша өтініш субъектісі Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын бітіріп, прокуратура органдарына қызметке қабылданды. Аталған тұлғаның конституциялық құқықтары толық жүзеге асырылды.

Мұның барлығы мемлекеттік қызметтің абыройы мен тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге және заңдылықты нығайтуға бағытталған.

Прокуратура Конституциялық Сот шешіміне сүйене отырып, заңдарды талдап, түзетулер енгізу барысында өкілетті органдармен ұсынылған нормаларға нақты қарап, талдап, аса назар аударады.

Құқықтық мемлекетте прокуратура мен Конституциялық Сот құқықтық тәртіптің негізгі тірегі саналады, сондықтан, олардың өзара іс-қимылы құқықтық жүйенің тұрақтылығын қалыптастырады.

Прокуратура заңдылықтың сақталуын қадағалап қана қоймай, Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарын жүзеге асыруда, олардың нақты құқық қолдану тәжірибесіне айналуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл прокуратураның Конституцияның қорғаушысы, Қазақстан Республикасындағы әділдіктің кепілі және заңдылықтың тірегі болу – оның нақты миссиясы.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЗАДОЛЖЕННОСТИ ПО АЛИМЕНТАМ



Улдай ШУРЕНОВА,
судья
Специализированного
межрайонного
административного
суда № 2
Павлодарской
области

ЗА ВСЕ ВРЕМЯ РАБОТЫ СМАС ПО ДЕЛАМ ОБ ОСПАРИВАНИИ
ДЕЙСТВИЙ (БЕЗДЕЙСТВИЙ) СУДЕБНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ
НЕИЗМЕННЫМ ОСТАЕТСЯ ОДИН ОСНОВНОЙ ВОПРОС С
ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ДОЛЖНИКОВ, КОТОРЫЙ НЕ ОТРЕГУЛИРОВАН
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ. ЭТО СПОРЫ О ПРИЗНАНИИ
ПОСТАНОВЛЕНИЙ ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ ЗАДОЛЖЕННОСТИ
ПО АЛИМЕНТАМ НЕЗАКОННЫМИ, ПРИ НАЧИСЛЕНИИ
АЛИМЕНТОВ ЗА ПОСЛЕДНИЕ ТРИ ГОДА НА ДАТУ
ПРЕДЪЯВЛЕНИЯ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ДОКУМЕНТА.

Постановления об определении задолженности по алиментам оспаривают должники по исполнительным производствам.

Так, гражданин А. обратился с иском в суд о признании незаконными действий частного судебного исполнителя по вынесению постановления о перерасчете задолженности по алиментам за последние три года и определение его размера.

Иск мотивирован тем, что со дня предъявления к исполнению судебного приказа должны взыскиваться алименты. Согласно решению суда брачные отношения между взыскателем и должником были прекращены, но бывшие супруги проживали совместно и должник обеспечивал семью, о чем имеются письменные доказательства.

Судебный исполнитель в отзыве указал на то, что перерасчет задолженности по алиментам за прошедший период в пределах трехлетнего срока, предшествовавшего предъявлению исполнительного документа, произведен в соответствии с требованием Кодекса «О браке (супружестве) и семье».

Суд своим решением в удовлетворении иска отказал, мотивировав тем, что в соответствии со ст. 169 Кодекса «О браке (супружестве) и семье», взыскание алиментов за прошедший период на основании исполнительного документа производится в пределах трехлетнего срока, предшествовавшего предъявлению исполнительного документа.

Таким образом, суд пришел к выводу, что взыскатель правомерно обратилась к судебному исполнителю с заявлением о взыскании алиментов с должника, за последние три года.

Доводы должника о том, что задолженность по алиментам не должна быть начислена, так как супруги проживали совместно, и он обеспечивал семью, суд не принял, так как действия судебного исполнителя по определению задолженности согласуются с указанной нормой ст. 169 Кодекса.

В данном случае совместное проживание супругов не является основанием для освобождения должника от алиментных обязательств, поскольку это не предусмотрено законодательством РК.

По результатам данного кейса, несмотря на то, что супруги проживали совместно, должник обеспечивал семью и предположительно детей, ему начисляют алименты за последние три года пред-

шествовавшему предъявлению исполнительного документа.

Суд принял законное решение, поскольку на законодательном уровне не предусмотрено освобождение должника от начисления алиментов за последние три года на дату предъявления исполнительного документа в случае совместного проживания супругов и ведения общего хозяйства.

Однако административное судопроизводство осуществляется на основе принципов, нарушение которых влечет признание административных актов, действий незаконными, и одним из принципов является принцип справедливости.

Поэтому реалии времени требуют внести изменения и дополнения в Кодекс «О браке (супружестве) и семье», а также НП ВС РК «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с взысканием алиментов», регулирующих правоотношения между супругами при начислении алиментов за последние три года по предъявлению исполнительного документа в случае совместного проживания супругов с соблюдением интересов несовершеннолетних детей.

СРОКИ ПОДАЧИ ИСКА

По делам об оспаривании действий (бездействий) судебных исполнителей соблюдение сроков подачи иска является одним из важных критериев дальнейшего рассмотрения административного дела по существу.

Так, гр. А. обратился с иском в суд на действия судебного исполнителя о признании незаконным постановления о передаче арестованного недвижимого имущества взыскателю.

Суд определением возвратил административный иск со ссылкой на п. п. 15 ч. 2 ст. 138 АППК.

Иск на действия (бездействие) судебного исполнителя по исполнению исполнительных документов подается в суд в течение десяти рабочих дней со дня совершения действия (отказа в совершении действия) или со дня, когда взыскателю или должнику, не извещенному о времени и месте совершения действия судебным исполнителем, стало о нем известно. Пропущенный по уважительной причине срок на подачу иска может быть восстановлен судом по правилам Гражданского процессуального кодекса РК. Причины пропуска сроков на подачу иска в суд и их значение для правильного разреше-



ния административного дела выясняются судом в предварительном слушании (ст. 136 АПК).

В предварительных слушаниях суд установил, что фактически о действиях судебного исполнителя должникам стало известно в апреле – мае 2024 года в связи с инициированием иска в гражданский суд о выселении (при направлении уведомления, претензий). Однако в административный суд истцы обратились лишь в июле 2024 года.

Изначально оспариваемые постановления судебным исполнителем направлялись 19 февраля 2024 года почтовой связью, что подтверждается реестром отправленных писем.

Здесь суд акцентировал внимание на то, что законодатель связывает момент исчисления срока на подачу иска не временем вручения оспариваемых актов, а моментом, когда участнику исполнитель-

ного производства стало известно о совершенных судебным исполнителем действиях.

Поэтому учитывая данные обстоятельства, суд отказал в удовлетворении заявления о восстановлении пропущенного срока на подачу иска и возвратил административный иск.

Приведя данный пример, следует подчеркнуть, что срок на подачу иска исчисляется не временем вручения оспариваемых актов, а моментом, когда участнику исполнительного производства стало известно о совершенных судебным исполнителем действиях. Вместе с тем в заявлении о восстановлении срока на подачу иска истцы в обязательном порядке должны указывать уважительные причины обращения с иском в суд с нарушением установленного срока, что будет являться основанием для восстановления пропущенного срока.

АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА АРНАҒАН ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАУЫНДА ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАРҒА ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ. ӨЙТКЕНІ, ҒАЛАМТОР АЛАЯҚТАРЫНЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ ҚАЗІРГІ КҮННІҢ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІНЕ АЙНАЛЫП ОТЫР. ҚОҒАМЫМЫЗДА МАҢДАЙ ТЕРМЕН ТАПҚАН АҚШАСЫ МЕН МҮЛКІНЕН ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТТЕ АЙРЫЛЫП ҚАЛЫП ЖАТҚАҢДАР АЗ ЕМЕС. МӘСЕЛЕН, СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА ЕЛІМІЗДЕ ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНАН АЛДАНҒАҢДАР САНЫНЫҢ ОН ЕСЕГЕ ӨСКЕНІН РАСТАЙДЫ. ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫ БІЗДІҢ ЕЛДІ ҒАНА ЕМЕС ДҮНИЕ ЖҮЗІН АЛАҢДАТЫП ОТЫР.

Алаяқтар өзгенің қаржысын иемденудің сан түрлі тәсілін ойлап табуда. Мысалы, олар банк, почта қызметкері болып телефон шалады немесе әлеуметтік желілерге табысы жоғары жұмыстар туралы жарнамалар орналастырады, конкурстарға қатысу туралы ұсыныстар мен фишингілік хабарламалар, т.б. береді. Сондықтан, азаматтар өздерінің жеке деректері мен қаржыларына қатысты мәселелерде өте сақ болғандары жөн. Интернет алаяқтары жұртшылықты қызықтыратын жалған аккаунттар мен арнайы беттер ашады. Ең жиі кездесетін интернет алаяқтықтың түрлеріне өздерін пайызы төмен кредит беретін банк қызметкері ретінде таныстыру, адамдардың жеке деректерін иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу, кезексіз үй алып беру, интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өзгелердің пәтерлерін

жалға беру арқылы жасалатын қылмыстарды жатқызуға болады.

Онлайн сауда жасағанда күмәнді транзакциялардан бас тарту, банк картасының деректерін, шот номерін және қауіпсіздік кодын бөтен адамға бермеу, күмәнді сілтемелерді ашпау, танымайтын адамға ақша аудармау шаралары әрбір азаматтың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Банк картасынан заңсыз ақша алынған жағдайда бұл туралы тез арада банкке немесе жақын маңдағы полицияға хабарласу керек. «Сақтансаң сақтаймын» демекші, кез келген уәдеге сенуге, бопсалаушылардың телефон арқылы қойған талаптарын орындауға болмайды.

Азаматтар көп жағдайда «әлеуметтік инженерия» әсерінен қолда бар қаражатын алаяқтарға беріп қояды. «Әлеуметтік инженерия» дегеніміз, алаяқтардың психологиялық әдістер



арқылы адамды құпия ақпараттармен бөлісіп, өз дегендерін жасатуға мәжбүрлейтін амалдары. Қайырымдылық қорларының атын жамылып әлеуметтік желілер арқылы халықтың ақшасын жымқыратындар да бар. Қандай жағдай болмасын тексеріп алған артықтық етпейді.

Республика азаматтарының құқықтық қауіпсіздігін сақтауда «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Онда құқық бұзушылықтардың алдын алудағы 2028 жылға қарай іске асырылуы тиіс басым бағыттар белгіленді. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғап, қылмыстың алдын алу, қылмысқа қарсы күресте күшейту мемлекеттік қызметкерлер тарапынан белсенділікті талап етеді.

Алаяқтықтың бір түрі қаржы пирамидалары азаматтар қаражатын заңсыз иеленуге бағытталған. Өкініштісі, жұртшылық қаржысын қаржы пирамидаларына өз еріктерімен береді. Пирамидалық схемалар бір емес бірнеше адамды бірге алдайтын тәсіл. Елімізде қаржы пирамидасына заңмен тыйым салынған. Қаржы пирамидасын құрғандар мен басқарғандарға, сондай-ақ, жар-

намалағандарға ҚР Қылмыстық кодекстің 217-бабымен жауапкершілік көзделген.

Қылмыстық кодекстің 190-бабы 2-бөлігі 4-тармағына сәйкес, ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану арқылы жасалған алаяқтық төрт жылға дейін бас бостандығынан айыруға немесе төрт мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуды көздейді. Қылмыс топ құрамында немесе аса ірі мөлшерде жасалған жағдайда бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Алаяқтардан сақтану үшін ақпараттық, қаржылық, технологиялық, заң, медиа тұрғысынан сауаттылықты арттырудың маңызы зор. Халқымызда «жылтырағанның бәрі алтын емес» деген дана сөз бар. Табысты адал жолмен табуға ұмтылу түрлі келеңсіздікке жол бермейді. Әрбір адам өзінің жеке деректерін құпия ұстауы арқылы күдікті жағдайлардан сақтана алады. Осылай жасағанда ғана біз интернет алаяқтарының жолын кесіп, қауіпсіз қоғам құра аламыз.

Меруерт МОМБЕКОВА,
*Шымкент қаласының азаматтық істер
жөніндегі ауданаралық сотының
Сот әкімшісі басшысының орынбасары*

МӘРТЕБЕСІ БИІК МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ



**Гүлмаржан
ӘДІЛСҰЛТАНИ,**
Ақтау қалалық
сотының судьясы

**ТҰҢҒЫШ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ТАРИХЫ 1993 ЖЫЛДАН БАСТАУ
АЛАДЫ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КОНСТИТУЦИЯ 1995 ЖЫЛЫ 30
ТАМЫЗДА БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНДЫ.
ОСЫ СЕБЕПТІ, 30 ТАМЫЗ МӘРТЕБЕСІ БИІК МЕМЛЕКЕТТІК
МЕРЕКЕ САНАЛАДЫ. СОДАН БЕРІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ ӨЗГЕРТІЛГЕНІ БАРШАҒА АЯН.**

Уақыт көші бір орнында тұрмайды. Жылдан-жылға сан түрлі жаңалықтар легімен толығуда. Мемлекетіміздің саяси және экономикалық жаңғыртудан туындаған қажеттілігі конституциялық өзгерісті қажет етті. Соның нәтижесінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар халықаралық

стандарттар мен мемлекеттік билік жүйесін одан әрі демократияландырып, президенттік-парламенттік басқару жүйесі өмірге келді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ролі артып, жұртшылықтың жергілікті жерлердегі маңызды мәселелерді дербес шешу мүмкіндігі туды.

Әрбір конституциялық реформа мемлекетімізде жаңа құқықтық жүйе қалыптастырып, еліміздің дүниежүзілік деңгейдегі орнын жоғарылатты. Мысалы, соңғы өзгеріс мемлекетіміздің құқықтық дамуына тың серпін берді. Нақты айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты қайта құрылды, сонымен қатар, адам құқықтарын қорғау механизмдері одан әрі күшейтіліп, жер мен табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екендігі нақтыланды. Аталған жаңашылдықтар соттардың қызметіне де оң әсерін тигізді.

Жер мен оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екені туралы норма өз кезегінде «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарламаны қолданысқа енгізді. Бұл ретте Мемлекет басшысы «Ұлттың ұлылығы әрбір отбасының, әрбір азаматтың әл-ауқатынан көрінеді. Сондықтан, ел экономикасы, ең алдымен, халықтың мүддесі мен игілігі үшін жұмыс істеуі қажет», – деді.

Республикамызды мекендеген түрлі этнос өкілдерінің бірлігін нығайтуда Конституция айрықша маңызға ие екенін айтып өткен жөн. Қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтары тек біздің елімізде ғана емес, әлемнің барлық аумағында қорғалады. Мәселен, Конституцияның 11-бабында Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайтыны, сондай-ақ, Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік беретіні нақты көрсетілген.

Бұған қоса заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең құқылы. Ешкімді тегі мен әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сенімін, т.б. бойынша кемсітуге Конституциямен жол берілмейді. Сонымен қатар, адамның қадір-қасиетіне қол сұғуға, ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтыны да Конституциямен бекітілген.

Қазақстанның барлық аумағында заңды түрде жүрген азаматтар заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдауға құқылы. Әрбір адам ел

аумағынан тыс жерлерге кетіп, еш кедергісіз қайтып орала алады. Конституцияның әрбір бабының азаматтардың еркін өміріне осылайша кепілдік етуі – мемлекетіміздің басты байлығы адам екенінің айқын дәлелі.

Конституция еліміздегі барлық заңдардың негізі әрі өзегі болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері Республикамыздың сот жүйесі жаңа қарқынмен дамып келеді. Азаматтардың құқықтарын әділ қорғау, сол арқылы ел сеніміне ие болуда соттар ауқымды реформаларды жүйелі түрде жүзеге асырып жатыр. Конституцияның 75-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады, ал, 77-баптың 3 бөлігі, 1 тармағына орай адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Бұл адамды кінәлі деп тану мен қылмысына орай жаза тағайындауды тек қана сот шешетінін көрсетеді. Соған орай, соттар Конституцияны бағдаршам етіп, әрбір шешімді әділетті, заңды және адам құқығы мен заңды мүддесін сақтай отырып қабылдауға міндетті. Сот саласын дамыту мен тәуелсіз соттарды құру – жүргізіліп жатқан сот реформаларының басты мақсаты саналады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы соттарда ашықтық, жариялылық, қолжетімділік бағытында ауқымды шараларды іске қосты. Солардың ең бастысы халық соттарға электронды түрде талап қоюға, құжат тапсыруға, істің барысын онлайн бақылауға, онлайн процестерге, яғни, сотқа келмей-ақ, құқықтарын қорғауға, т.б. мүмкіндік алды. Соңғы жылдары медиация, татуласу рәсімдері мен даудамайды сотқа дейінгі реттеу жолдары кеңінен қолданылып жатыр. Бұлар өз кезегінде жұртшылықтың сотқа деген сенімінің одан әрі нығаюына ықпал етуде.

«Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...», – деп басталатын тәуелсіз еліміздің Конституциясын құрметтеу біздің ортақ парызымыз. Яғни, жасымызға, ұлтымызға, саяси және діни көзқарасымызға, лауазымымызға қарамай, Конституцияның нормаларын мүлтіксіз орындау – әрбіріміздің басты міндетіміз саналады.

Ел халқын мәртебелі мереке – Конституцияның 30 жылдық мерейтойымен Ақтау қалалық сотының атынан құттықтаймын. Құқықтық мемлекет құруға ұмтылған еліміздің абырой-беделі арта берсін!

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ҚЫЗМЕТІ ЗАҢ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛАДЫ



Дәурен ШАРИПОВ,
*Ақтөбе облысы жеке сот
орындаушылары
Өңірлік палатасының
жеке сот орындаушысы*

ЕЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ, ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ ҚОРҒАЛУЫ СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ӨЙТКЕНІ, СОТТАР ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘДІЛ ШЕШІМ ШЫҒАРҒАНЫМЕН, ОЛ ОРЫНДАЛМАСА ҚҰНЫ БОЛМАЙДЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫМЕН НАҚТЫЛАНҒАНДАЙ, СОТ ШЕШІМДЕРІ МЕН ҮКІМДЕРІ, БАСҚА ДА ҚАУЛЫЛАРЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК. АЛ СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫНДА ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ АРНАЙЫ ЗАҢМЕН БАРЫНША КЕҢЕЙТІЛГЕН. СОТ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАР НӘТИЖЕСІНДЕ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫН ОДАН ӨРІ ДАМУЫҒА БЕРІК НЕГІЗДЕР ЖАСАЛУДА. ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙТІН МӘСЕЛЕ.

Жеке сот орындаушылар институты енгізілгені сот актілерін мәжбүрлеп орындату шараларының тиімділігі артқанын сарапшылар жоққа шығармайды. Бұған 2010 жылы бір мемлекеттік сот орындаушының жылына орта есеппен 270 атқарушылық құжатты орындауы, ал өткен жылы бір жеке сот орындаушының толық көлемде 1 229 құжатты орындағаны дәлел. Мұндай нәтижеге жетуге атқарушылық өндірісте мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе мен цифрландырудың ықпалы зор болған. Жеке сот орындаушысы бір ай ішінде атқарушылық құжаттардың әлеуметтік мәні бар санаттарында мәжбүрлеп орындату шараларын бір ай ішінде қабылдауға міндетті. Бұлай етпеген жағдайда қызметпен айналысу құқығына берілген лицензиясынан айрылу қаупі бар.

Сала жұмысындағы әрбір реформа халықтың игілігі үшін жасалады, осы мақсатта, яғни, атқарушылық іс жүргізу барысындағы ақпараттарға жұртшылықтың қол жетімділігін арттыру, сондай-ақ, сот орындаушылар тарапынан кететін бұзушылықтарды тіркеу үшін «цифрлық көмекші» тетігі енгізілуде. Сонымен қатар, Республикамыздың Әділет министрлігі жасырын табыс көздері туралы мәліметтер алу үшін ақпараттық жүйелерді біріктіруді қолға алды.

Жеке сот орындаушылары институты цифрландыру, ашықтық және әділеттілікке қолжетімділікті арттыру бағытында дамытылуда. Сот актілерін жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының мүшелігіне кіретін жеке сот орындаушылар жүзеге асырады. Олардың орындауына жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу, алимент, жалақы, қарыз, моральдық зиян өндіріп алу, орындаушылық жазбаларға, нотариустардың атқарушылық белгілеріне негізделген өзге де құжаттар кіреді. Жеке сот орындаушылар қызметі ақылы негізде жүзеге асырылады. Ақы мөлшері заңмен бекітілген көлемде өндіріп алынатын қаржының үлесіне, т.б. факторларға сәйкес есептеледі.

Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы заңның 108-бабы өндіріп алынған ақша сомасын бөлу заңдылығына орай, жеке сот орындаушысы борышкерден өндіріп алған сомадан ең алдымен атқарушылық құжатты орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар бойынша сомалар өтеледі. Осыдан кейін ғана жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу

жөніндегі сомалар мен орындау жөніндегі, оның ішінде осы заңның 9-бабының 10) тармақшасында көзделген атқарушылық құжат бойынша шығыстар төленеді, қалған сома өндіріп алушылардың, оның ішінде өзінің әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде басқа сот орындаушыларындағы атқарушылық құжаттар бойынша талаптарын қанағаттандыруға түседі.

Барлық талап қанағаттандырылған жағдайда қалған сома борышкерге қайтарылады. Осы заңның 108-бабымен жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау қағидалары бекітілген. Мысалы, жеке сот орындаушының қызмет ақысы осы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкердің қаражаты есебінен өтеледі және он мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шекті мөлшерін белгілей отырып, істердің санаты мен өндіріп алу сомасына қарай үштен жиырма бес пайызға дейінгі мөлшерде белгіленеді. Ал баламен қарым-қатынас тәртібі туралы атқарушылық құжаттарда жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу өндіріп алушыға және борышкерге бірдей үлестермен жүктеледі. Бұдан өзге заңдылықтар аталған баппен айқындалған.

Тағы бір айтып өтерлігі, жеке сот орындаушысына атқарушылық құжат толық немесе ішінара орындалған жағдайда ғана ақы төленеді. Мүліктік сипаттағы атқарушылық құжат ішінара орындалған кезде оған қызмет ақысының өндіріп алынған сомаға немесе мүлік құнына пропорционалды бір бөлігі беріледі. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу атқарушылық құжаттың борышкері оны мәжбүрлеп орындатуға бергенге дейін орындаған жағдайда өндіріп алынбайды.

Жеке сот орындаушысы өзінің көрсеткен қызметтерінің ақысы үшін сомаларды осы бапта көзделген және уәкілетті орган белгілейтін мөлшерде ғана алады. Қызмет ақысы сомаларының белгіленген мөлшері өзгертілмейді. Оның қызметіне ақы төлеу мөлшерін уәкілетті орган бекітеді.

Жеке сот орындаушылары тәуелсіз, өз қызметтерін тек қана заңға бағынып, заңның аясында ғана атқарады. Жеке сот орындаушылардың сот актілерінің орындалуына соңғы нүкте қоюы азаматтар мен кәсіпкерлер құқықтарының толықтай қорғалуын қамтамасыз етеді. Олардың қызметі ашықтық пен заңдылықтың тиімді қағидаттарына негізделген.

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ЖАҢА ЖЕҢІЛДІКТЕР: **ЕСКІ** **КӨЛІКТЕРДІҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ**



СТАТИСТИКА КӨРСЕТКЕНДЕЙ, ЕЛІМІЗДІҢ АВТОПАРКІНІҢ ЖАРТЫСЫНАН АСТАМЫ ОСЫ ЖЕҢІЛДІКТІ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ. ӘҢГІМЕ 11 ЖЫЛДАН АСҚАН КӨЛІКТЕР ТУРАЛЫ БОЛЫП ОТЫР. ШЫҚҚАНЫНА 11-20 ЖЫЛ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕҢІЛ КӨЛІКТЕР ҮШІН 30 ПАЙЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЕСКІ КӨЛІКТЕР ҮШІН 50 ПАЙЫЗДЫҚ САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІГІН БЕКІТЕТІН НОРМА ҚҰЖАТТА ҚАЛДЫ. КОДЕКС 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП КҮШІНЕ ЕНУІ ТИІС. СОЛ КЕЗДЕН БАСТАП ЖЕҢІЛДІКТЕР ҚОЛДАНЫЛА БАСТАЙДЫ. МЫСАЛЫ, 2026 ЖЫЛДЫҢ АҚПАНЫНДА ЕСКІ АВТОКӨЛІКТІ САТҚАН ЖАҒДАЙДА, ОНЫҢ ИЕСІНЕ САЛЫҚТЫ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЕСКІ МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША (ЕГЕР ОЛ ТӨЛЕНБЕСЕ), АЛ 2026 ЖЫЛЫ ИЕЛЕНУ УАҚЫТЫНДА ЖАҢА, ТӨМЕНДЕТІЛГЕН МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУ ҚАЖЕТ БОЛАДЫ.

ҚР Ұлттық статистика бюросының есебіне сәйкес, 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстанда барлығы 6 175 955 көлік құралы тіркелген. Оның ішінде жеңіл көліктер саны – 5 340 301. Сонымен қатар шыққанына 10 жылдан 20 жылғы дейінгі – 1 270 746 және 20 жылдан жоғары – 2 266 099 көлік бар. Барлығын қоссақ – 3 536 845 ескі көлік бар екені белгілі. Яғни, қазақстандық жеңіл автопарктың жартысынан астамы келесі жылдан бастап салықтық жеңілдікке сенім арта алады.

Ұлттық экономика министрлігінің сөзінше, ескі көліктерге жеңілдіктер жобада сақталады. Бұл шешім бюджет кірісінің азайғанына қарамастан, жаңа көлік ала алмай жүрген қазақстандықтардың өмірін жеңілдету мақсатында қабылданды. «Қоқыс үйіндісіне айналғанын қаламаймыз» деген Автомобиль одағы Қазақстанға өзге елдерден келетін ескі көліктердің көбейгеніне шағымданды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Қазақстанда 4 миллион 218 мың 804 жеңіл автокөлік тіркелген. Оның 3 миллион 284 мың 101-і 10 жылдан асқан, бұл жалпы санның 78 пайызы.

Салық жөніндегі кеңесші Айдар Масатбаевтың сөзінше, мұны сайлаушылардың үлкен тобына бағытталған саяси қадам ретінде қарастырған жөн.

«Адамдар ескі көліктерге төленетін салықты тым жоғары деп айтты. Салық саясаты жұмсақ жүргізілгенін жақтағандардың пікірі басым түскен болуы керек», – деді сарапшы

Десек те, оның айтуынша, бұл шараның басқа жағы да бар. Салықты төмендету қолданыстағы көліктер нарығына немесе оларды күтіп-ұстау шығындарына айтарлықтай әсер ете қоймайды. Масатбаев көлік бағасына салықтан гөрі жанармай бағасының қымбаттауы мен халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі айтарлықтай әсер етеді деп отыр.

«Мәселе ескі көлікті қалай күтіп-ұстауда екеніне байланысты емес. Негізгі мәселе – көбінің жаңа көлікті сатып алуға мүмкіндігінің жоқтығы», – деді ол.

Бұдан басқа Қазақстандағы пайдаланылған көліктер нарығында бейресми жасалатын келісім-

дер үлесі жоғары. Өз кезегінде бұл салық өзгерістерінің тиімділігін және оның көлік тізгіндеудің нақты құнына әсерін төмендетеді.

Сарапшылар елдегі ескі көліктердің техникалық жағдайына қатты алаңдап отыр. Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда тіркелген автокөліктердің 80%-дан астамы 10 жылдан бері қолданыста болса, ал 2,5 миллионнан астам көліктің жасы 20 жылдан асқан. Бұл көліктің «жасы» ғана емес, бұл ықтимал қауіп-қатер болып саналады.

«Ескі көліктер жолдағы қауіптің себебіне айнала бастады. Олардың қосалқы бөлшектері қымбат тұрады, ал жөндеу жұмыстарына үнемдеуге тырысу жолдағы тәуекелдерді арттыра түседі», – деді Масатбаев.

Оның айтуынша, салықты төмендету осындай көліктердің әрі қарай пайдаланылуына жалған ынталандырып жіберуі мүмкін. Бірақ бұл көліктер техникалық тұрғыдан да, экологиялық жағынан да тиімсіз. Сарапшы ескі көліктерге салықты көтеру де дұрыс шешім емес екенін жеткізді. Бұл қоғамның наразылығын күшейтіп, онсыз да жағдайы мәз емес салық жүйесіне қосымша жүктеме болуы мүмкін. Қазір мемлекет жеке тұлғалардан берешек өндіріп алуда түрлі қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр.

Масатбаев балама шешім ретінде берешекті сот орындаушыларынсыз автоматты түрде өндіріп алу тетігін қарастыруды ұсынады. Десек те, бұл шара салық органдарына деген сенімді одан әрі әлсіретуі мүмкін деп топшылайды.

Баға мен коммуналдық тарифтердің өсуі, халықтың нақты табысының төмендеуі жағдайында ескі көліктерге салынатын салықты азайту әлеуметтік қысымды уақытша азайтуы мүмкін. Бірақ та, ұзақ мерзімді перспективада бұл шара автопарктың тозуы, экологиялық сын-қатерлер мен жол қауіпсіздігінің қаупі секілді негізгі мәселелерді шеше алмайды. Сарапшылар автопаркты жаңарту және жаңа көлік сатып алуға ынталандыру жөніндегі кешенді саясат болмаса, мұндай қадамдар өрттің шығу себебін шешпей, тек өрттің тұтануын басуға тырысқан әрекетке ұқсайды деген пікірде.

А. ӘБУБӘКІРҚЫЗЫ,

Заң газеті

ПРЕДЕЛЫ АКТИВНОЙ РОЛИ СУДА



Айгуль АБДУЛЛИНА,
судья
Специализированного
межрайонного
административного
суда Актюбинской
области

**В АДМИНИСТРАТИВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ
С ВВЕДЕНИЕМ В ДЕЙСТВИЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО
ПРОЦЕДУРНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РК
ВНЕДРЕНЫ НОВЫЕ ПРИНЦИПЫ: АКТИВНОЙ РОЛИ СУДА,
ОХРАНЫ ПРАВА НА ДОВЕРИЕ, СОРАЗМЕРНОСТИ,
ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЯ ФОРМАЛЬНЫМИ ТРЕБОВАНИЯМИ,
ДОСТОВЕРНОСТИ И ДРУГИЕ.**

В ч. 1 ст. 16 АППК указано, что административное судопроизводство осуществляется на основе активной роли суда.

Принцип активной роли суда используется судьями на постоянной основе, поскольку он является определяющим принципом отправления правосудия в духе административной юстиции.

Исследование всех обстоятельств дела, независимо от представленных доводов сторон, позволяет суду дать более объективную оценку спору, разре-

шить его не только путем вынесения решения, но и урегулировать конфликт с использованием примирительных процедур.

При этом ключевую роль играет возможность суда высказать предварительное мнение по правовым позициям сторон, что также способствует тому, чтобы участники процесса пришли к компромиссу.

Под принципом активной роли суда подразумевается, что судья оказывает помощь физическим и юридическим лицам в споре с уполномоченным



органом, реализуя действия розыскного принципа, выясняя обстоятельства дела по своему усмотрению, оказывая содействие в устранении формальных ошибок и совершая иные действия для максимального достижения диспозитивности при административном процессе.

Его противоположностью является принцип в гражданском судопроизводстве – принцип состязательности, который означает, что стороны должны самостоятельно представлять суду факты, которые могут быть положены в основу судебного решения.

А в административном процессе при реализации данного принципа суд не ограничивается представленными сторонами доказательствами, а исследует все обстоятельства, которые он сочтет необходимыми для установления в пределах доказывания, будет собирать по собственной инициативе доказательства, если представленные являются недостаточными.

Основная цель, которую преследует принцип активной роли суда – реализация задач административного судопроизводства, а именно: справедливое, беспристрастное и своевременное разрешение административных дел с целью эффективной защиты и восстановления нарушенных или оспариваемых прав, свобод и законных интересов физических лиц, прав и законных интересов юридических лиц в публично-правовых отношениях (п. 2 ст. 5 АПК).

В административном судопроизводстве необходимость введения принципа активной роли суда преследует за собой цель искоренения неравенства

возможностей, выраженного в процессуальном выравнивании сторон в административном процессе, вытекающем из публично-правовых отношений, в том числе защита бизнеса.

Под публично-правовыми отношениями понимается прямое, непосредственное воздействие (влияние, решение, действие, бездействие) административного органа, который наделен законодательством функциями и полномочиями – административным на истца (физические и юридические лица), для которого выявление существенных обстоятельств дела может быть поставлено под угрозу из-за недостатка средств, возможностей, недостаточной реализации своих процессуальных прав.

Вместе с тем в административном процессе судья имеет намного более широкие полномочия, нежели в гражданском процессе, где судьи действуют исключительно на основании доводов заявленных требований.

В административном процессе от судьи требуется не ограничиваться доводами заявленных требований, а выяснять обстоятельства дела объективно для принятия правильного решения по административному делу.

Иными словами, суд на основании собственных инициатив вправе собирать сведения, истребовать дополнительные материалы и доказательства, привлекать соответчиков, выражать предварительное правовое мнение по правовым обоснованиям дела, оказывать помощь в уточнении требований истца

и выполнять действия, направленные для решения задач в ходе судопроизводства.

В силу положений ст. 130 АПК суд обязан оказывать содействие в устранении формальных ошибок, уточнении неясных выражений, подаче ходатайств по существу административного дела, дополнении неполных фактических данных, представлении всех письменных объяснений, имеющих значение для полного определения и объективной оценки обстоятельств административного дела, на всех стадиях процесса.

За счет активного применения судьями новых принципов процент удовлетворенных исков граждан и бизнеса к административным органам выше 54 процентов, 18 процентов составляют оконченных путем примирительных процедур.

К примеру, предприниматель обратился в суд с иском к государственному учреждению «Департамент по управлению земельными ресурсами Актюбинской области комитета по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан» о признании незаконным и отмене письма от 24 апреля 2023 года за подписью руководителя и понуждении НАО снять обременения с земельного участка.

При этом НАО указан в качестве заинтересованного лица.

Как известно, письмо не подлежит оспариванию в порядке АПК, оно не может являться административным актом, носит лишь информационный характер.

Судом установлено, что земельный участок, расположенный по адресу: г. Актобе, улица М., приобретен истцом на основании договора купли-продажи от 25 декабря 2020 года, заключенного с частным судебным исполнителем по итогам аукциона по продаже арестованного имущества.

